Дегенмен, түзеу жұмыстарының жазалау элементтерінің көріністері қазақ жерінде де орын алған еді. Академик С.З. Зимановтың жетекшілігімен жазылған «Қазақтың ата заңдары» еңбегінде былай деп көрсетіледі: Кісі өлімін құнмен алмастырудың үстем тап өкілдері – феодалдарға тиімді жақтары да бар. Әуелі кісі өлтірген рудың бай феодалдары құн мөлшерін кедей туысқандары үшін төлеп, оның ақысы үшін көптеген мезгіл кедей туысқандарына тегіннен тегін жұмысын істетіп отырған [2,199 б.]. Бұл дегеніміз қылмыс жасағаны үшін құн төлеуге ауыстырылған жазаны кедей адамның материалдық тұрғыдан төлеп беруге шамасы келмегендігінен туысқан бай адамның ол үшін құнын төлеп, сол ақысын өзіне белгіленген (келісілген) мерзімге өзінің сол адамға еңбек етумен еңбекақысымен өтеуі деп түсінеміз. Сондай-ақ, дала заңы бойынша кінәлі адам өзінің жазасы үшін жәбірленуші тарапқа (олардың еркі бойынша) белгіленген мерзімге айыбын өтеу үшін жәбірленушінің үйінде жұмыс істеуге міндетті болатын жаза түрлері де болған. Байқап отырғанымыздай, түзеу жұмыстарының тарихи белгілері қазақ жерінде үстемдік еткен дала заңында да орын алып отырған.

Түзеу жұмыстары жазасында жаза мақсатының қылмыстық-құқықтық ықпал ету әсерінің басым бөлігі сотталушыға еңбек құқықтық қатынастарын шектеу арқылы және материалдық жағынан әсер етуінде десек болады. Жазаның мақсатына жету үлесінің басым бөлігін, ол сотталған адамның түзелу процесіне бағытталуында.

Тарих беттерінде Кеңес өкіметі заманында бас бостандығынан айырусыз түзеу жұмыстары деп аталды. Оның жазалаушы міндеті - міндетті еңбек пен материалдық шектеудің үйлесімінде болды десек болады. Еліміз егемендік алғанға дейінгі қолданыста болған Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 25-бабымен сотталған адамның жұмыс орны бойынша немесе өзге де белгіленген орындарда, бірақ міндетті түрде сотталған адамның тұратын ауданында өтелді. Ол сотталған адамның табысынан мемлекет кірісіне 20% - дан аспайтын ұстап қалу арқылы жүзеге асырылды. Жазаны сотпен белгілеу мерзімі екі айдан екі жылға дейінгі уақытты қамтыды[4].

Еліміз егемендік алғаннан кейін қабылданған 16 шілде 1997 жылғы Қылмыстық кодекс бойынша 43-бабында, түзеу жұмыстары сотталған адамның жұмыс орны бойынша жалақысынан ұстап қалу арқылы сотталған адамның мемлекет кірісіне 5-тен 20% - ға дейінгі шекте қарастырылды. Бір ай түзеу жұмысы үшін заңмен белгіленген бір айлық есептік көрсеткішке тең айыппұл сомасының есебінен сот түзеу жұмыстарының орнына айыппұл тағайындауы мүмкін болатын. Түзеу жұмыстары 2 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге белгіленіп, сотталған адамның тұрақты жұмыс орны орналасқан жерінде өтеу көзделді. Жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайларда сот түзеу жұмыстарын өтелмеген мерзімді қамауға, не бас бостандығын шектеумен және бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыруға құқылы болды[5].

Келесі 2014 жылы 3 шілдедегі қабылданған Қылмыстық кодекстің 42-бабында түзеу жұмыстарының анықтамасында жазаны мерзімдік өтеу уақыты алынып тасталып, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақытта белгіленген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір саны мөлшерінде өндіріп алынатын ақшалай сомма сотталған

[3] *История развития наказания в виде исправительных работ. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://studbooks.net/1113246/pravo/istoriya_razvitiya_nakazaniya_vide_isprav telnyh_rabot_pravovye_usloviya_naznacheniya Қаралған күні: 05.03.2022.*

[4] *Уголовный кодекс Казахской ССР (с изменениями и дополнениями на 27 мая 1997 года). - Алматы: Издательство «ӘділетПресс», 1997. – 140 с.*

[5] *Уголовный кодекс Республики Казахстан, от 16 июля 1997 г. №167-I. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K970000167_ (қаралған күні: 05.03.2022).*

адамның еңбек ақысынан ұстап қалу пайыз мөлшері 20-дан 40-пайызға дейін өсті[6]. Соңғы өзгерістер 2018 жылдың 12 шілдесіндегі заңмен түзеу жұмыстарының мазмұны сотталған тұлғаның жалақысынан (ақшалай үлесінен) оннан елу пайызға дейін ұстай отырып, оны «Жәбірленушілерге өтеу қорына» аудару жолымен жүзеге асыруға ауыстырылды[7].

Түзеу жұмыстарының жазалау ерекшеліктеріне шет ел заңнамасымен салыстырмалы талдау жасап өтетін болсақ, тәуелсіз мемлекеттер достастыққа қатысушы елдердің заң шығарушылары қарастырылатын түзеу жұмыстары жаза түрін өтеу мерзімін әр түрлі қарастырған. Мәселен, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінде 2 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге түзету жұмыстарын тағайындау қарастырылған. Жазаны өтеуді тағайындаудың ұқсас ұзақтығы Әзірбайжан, Армения, Тәжікстан және Түркіменстанның қылмыстық кодекстерінде де бекітілген. Беларусь Республикасында және Украинада төменгі шек мөлшері 6 айға дейін, ал жоғарғы шегі 2 жыл. Өзбекстан Республикасында жазаның жоғарғы шегін 3 жылға дейін көтерсе, ал төменгі шегі - 6 ай. Қырғызстанда бұл мерзім 3-айдан 3 жылға дейінгі мерзімді қарастырады [3].

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі бойынша түзеу жұмыстары жазаның негізгі түрі ретінде ғана қолданылады. РФ-ның Қылмыстық кодексінің 50-бабы бойынша түзеу жұмыстары негізгі жұмыс орны бар және жұмысы жоқ сотталушыға да тағайындалады. Негізгі жұмыс орны бар сотталған негізгі жұмыс орны бойынша түзеу жұмыстарын өтейді. Негізгі жұмыс орны жоқ сотталған адам түзеу жұмыстарын қылмыстық-атқару инспекцияларының келісімі бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдары айқындайтын орындарда, бірақ сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша өтеледі. І топтағы мүгедек деп танылған адамдарға, жүкті әйелдерге, 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша қатардағы және сержанттар құрамының әскери лауазымдарында әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, егер олар сот үкім шығарған кезде Заңда белгіленген әскерге шақыру бойынша қызмет мерзімін өткермеген болса, түзеу жұмыстары тағайындалмайды. Әлеуметтік төлемдерді қоспағанда, сотталған адамның жалақысынан мемлекет кірісіне сот үкімімен белгіленген мөлшерде 5-тен 20% - ға дейінгі шекте ұстап қалу жүргізіледі екен[8]. Ресейлік қылмыстық құқық теориясында түзеу жұмыстары екі жақты бағаланды. М. М. Исаевтың пікірінше, «түзеу жұмыстары жұмыс орнында өтелетін мүліктік өндіріп алу, ол жасырылған айыппұл» деп санаса, ал В. Д. Меньшагин, «түзеу жұмыстарын бөліп-бөліп төленетін жасырын айыппұл» деп атады. Ол түзеу жұмыстары айыппұлға қарағанда жұмсақ жаза деген қорытындыға келді, өйткені сотталушы тиісті сомманы бірден төлемейді деген болатын [4, 29-30].

Қазақстанда түзеу жұмыстары түріндегі жаза тиісті түрде қолданысын таппаса, мұндай жаза түрінің бізге нақты қажеттілігі бар ма деген де сұрақтың туындайтыны анық. Қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасын басшылыққа ала отырып, көптеген ғалымдардың пікірлері мен Жоғарғы соттың қаулыларында да бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды көбірек қолдану туралы нұсқамалар бар. Ендеше, түзеу жұмыстары бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза болып табылатын болғандықтан, бас бостандығынан айыру жазасымен қылмыстық кодекстің ерекше бөліміндегі көптеген баптарының санкцияларында балама жаза ретінде көрсетілген. Сондықтан, түзеу жұмыстарының жаза ретінде практикалық қолданысын табуы үшін, тек сотталушы адамның тұрақты жұмысы бар тұлғаларға тағайындау ғана емес, оның басқа да шешу жолдарын қарастырған жөн болар.

Отандық ғалымдарға келетін болсақ, Б.А.Кулмуханбетова, З.Т. Жусупова, А.Т. Ахметовтың ғылыми мақалаларында түзеу жұмыстарын Қазақстан Республикасының қылмыстық жаза жүйесінен алып тастауды ұсынады. Жүргізілген зерттеу талдауларының қорытындысы бойынша түзеу жұмыстары Қылмыстық кодекстің ерекше бөлімі нормаларының санкциясында 453 рет айып-

---

[6] *Уголовный кодекс Республики Казахстан. – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2014. – 240 с.*

[7] *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 12 шілдедегі №180-VI ҚРЗ. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000180/links Қаралған күні: 05.03.2022.*

[8] *Уголовный кодекс Российской Федерации. Действующая редакция от 09.03.2022. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://rulaws.ru/uk/Razdel-III/Glava-9/Statya-50/ (қаралған күні: 24.03.2022).*

пұлмен қатар кездеседі екен деп көрсеткен. Олардың пайымдауынша бұл жаза түрі айыппұлдың ұзақ мерзімді төленетін аналогі ретінде болып қалуында деп түсіндіріледі [5]. Жаза жүйесінен түзеу жұмыстары жаза түрін алып тастау туралы пікірді қылмыстық атқару жүйесінің қызметкері заң ғылымдарының докторы, М.А. Аюбаевта ұстанып, мынадай пікірін келтірген болатын: «Қылмыс жасаған адамдардың көбісі жұмысы жоқ адамдар немесе сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жұмысынан айрылғандар. Жұмыс беруші қызметкерінің үстінен қылмыстық қудалау жүріп жатқанын білгеннен кейін көп жағдайда оны жұмыстан шығарып жіберуге асығады. Сондай-ақ, түзеу жұмыстарын орындау кезінде жапа шегетін сотталған адам емес, жұмыс беруші адам. Өйткені, тоқсан сайын жұмыс берушінің қаржылай қызметі тексеруге түсіп отырады» - деп түсіндіреді [6]. Біз М.А. Аюбаевтың пікірімен келісе алмаймыз, себебі, әр жазаның өзіндік құқықтық ықпал ету әсері және тәрбиелік мәні өз алдына әр түрлі болып келеді. Мәселен, қоғамдық жұмыстарға тарту жазасының жазалау мазмұны, қоғамға пайдалы тегін жұмыс жасату болса, оның қосымша ықпал ету әсеріне қоғамдық ұялтуды жатқызуға болады. Ал, айыппұл болса жаза тағайындау барысында сот сотталушының отбасы мен оның материалдық жағдайын ескере отырып оған жаза тағайындайды. Айыппұлдың жазалау мазмұны, материалдық тұрғыдан ақшалай өндіріп алу ықпалы әсерінде. Ол қылмыстық заңнамада сотталушының тұрақты жұмысы бар немесе жоқ болғанына қарамастан тағайындала береді. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Заңының 1-бабында: «пробация - санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі»-деп айқындалған [7]. Пробация қызметінің түзеу жұмыстары бойынша қадағалау жұмыстарын жүргізу тікелей міндеті болып табылады. Онда пробация қызметі сотталған адамның түзеу жұмыстары жазасын өтеп жатқан жұмыс орнының басшылығымен және есеп бөлімімен тікелей байланыста болып, сотталған адамның еңбек ақысынан сот үкіміне сәйкес ұстап қалуды және жұмыс бойынша тәртібіне қадағалауды жүргізе отырып, сотталған тұлғамен тәрбиелік маңызы бар әңгімелесуді жүзеге асырады. Мысалға, азаматтық-құқықтық қатынастар арқылы шешілетін сот шешімдерін орындау кезінде сот орындаушы борышкердің жұмыс орны бойынша әрбір тоқсан сайын қаржы бөлімін соттың атқару парағы негізінде ұсталатын пайыз соммасының уақытылы және дұрыс ұсталып отыруын қадағалап тексеруге құқылы. Сот орындаушы тексереді екен деп барлық жұмыс берушілер борышкерді жұмыстан шығарып жіберуге мәжбүрлі емес қой. Ондай болса, неге біз түзеу жұмыстарына сотталған тұлғаны жұмыссыз қалуына үлкен мүмкіндігі бар деп ойлауымыз керек. Қоғамға қауіп төндіретін тұлғаларға қатысты соттармен түзеу жұмыстары жазасын тағайындамайтыны анық екені мәлім. Бұл жағдайда басқаша көзқараста қарауға тура келеді, өз жұмысына адал және өзінің жұмысының маманы болып табылатын тұлғаларды кез келген жұмыс беруші жұмыстан қуа қоймайды деген ойдамыз.

«Соттар ҚК-тің 52-бабының үшінші бөлігіне сәйкес жаза тағайындау кезінде тағайындалған жазаның сотталушы отбасының және оның асырауындағы адамдардың өмір сүру жағдайларына әсерін ескеруі қажет» деп ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысында көрсетілген[9]. Яғни, соттар жаза тағайындау барысында сотталушының жеке сипатының жағдайын бағалауға міндетті.

Түзеу жұмыстары жазасының жазалау мазмұнына еңбек және материалдық сипаттағы құқықтық шектеулер кіреді. Сотталған тұлғаның тиісті еңбек атқарған жұмысынан жалақысының бір бөлігін ұстап отырудың өзі сотталушыға ұзақ мерзімді моральдық-психологиялық және материалдық тұрғыдан әсер ететіні анық. Айыппұл төлеу бір реттік төлем болып табылса, ал түзеу жұмыстары өзінің адал еңбегі арқылы табылған табысынан ұзақ мерзімді төлеу болып табылатынын ескергеніміз жөн. Түзеу жұмыстарының репрессивті жағы мынадай сәттерден көрінісін табады. Қылмыстық кодексте сотталушының жалақысынан мемлекет кірісіне сот үкімімен белгіленген мөлшерде 10-нан 50 пайызға дейінгі мөлшерде ақша ұсталып, «жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» қорына аударылу арқылы

[9] *«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S/links Қаралған күні: 05.03.2022.*

жүзеге асырылады[10]. Сондай-ақ, сотталған адам жұмысынан шыққан немесе лауазымы ауысқан жағдайда пробация қызметін ескертуге міндетті, бұл тұста сотталған адамның еңбек құқықтары шектеледі және кемінде айына бір рет профилактикалық әңгімелесуге барып тұруы керек.

Егер түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарған не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған күннен бастап үш ай бойы жұмысқа орналаспаған сотталған адамға қатысты пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде сотқа қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін ауыстыруға, қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе қамаққа алуға, ал онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін - бас бостандығын шектеуге не бас бостандығынан айыруға, ауыр қылмысы үшін-бас бостандығынан айыруға ұсыныс жасауы тиіс. Сотталғанның жалақысынан ұстап қалу әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру тәртібімен алынатын жәрдемақылардан, біржолғы сипаттағы төлемдерден жүргізілмейді (ҚАКнің 52-бабы) [11].

**Нәтижелер**

Қазіргі таңда түзеу жұмыстары Қазақстан Республикасының қылмыстық заңының жаза жүйесінде орын алып тұрғанымен нақты практикалық тәжірибесін іске асырып отырғандығы шамалы десек болады. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2021 жылғы ҚР Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитетінің мәліметтері бойынша соттармен түзеу жұмыстары түріндегі жаза 2015 жылы - 56 адамға қатысты қолданса, 2020 жылы - 12 адамға қатысты ғана қолданылған, 2021 жылы – 6 адамға (1- аса ауыр емес қылмыстар, 5-қылмыстық теріс қылықтар үшін) қолданылған екен[12]. Байқасаңыз, бұл жаза түрін соттармен қолдану тенденциясының қазіргі уақытта төмендеуін көрсетіп отыр. 2020 жылмен салыстырғанда бұл жаза түрін 1 жылдың ішінде 2021жылы 50 пайызға аз қолданғанын көріп отырмыз. Түзеу жұмыстары тәжірибелік маңызын таппай отырғаны көптеген ғалымдардың жаза жүйесінен бұл жаза түрін алып тастау туралы пікірлерін туғызатыны бекер емес. Бірақ бірден қылмыстық заңнан бұл жаза түрін алып тастауға асықпауымыз керек.

Кейбір жағдайларда соттар түзеу жұмыстарын нақты орындай алмайтын адамдарға тағайындауы орынсыз қателік деп қарастыруымыз керек. ҚР қылмыстық кодексінде, түзеу жұмыстары қолданылмайтын адамдар санаты шектеліп көрсетілген. Осы тұрғыда профессор Е.О. Алауханов өзінің ғылыми еңбегінде, түзеу жұмыстары қолданылмайтын адамдарға: жүкті әйелдерді, 16 жасқа дейінгі баласы бар әйелдер; еңбек қабілеті жоқтар, 16 жасқа толмаған адамдар, 60 жасқа толған ер адамдар, 55 жасқа толған әйелдер, әскери қызметкерлер, жасаған қылмысы үшін жазамен қоса маскүнемдіктен немесе нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеу шарасы тағайындалған адамдар, I және II топтағы мүгедектерді жатқызып, қылмыстық кодекстің редакциясына жаңа толықтыруларды ұсынған болатын [8, 261 б.].

Профессор Е.О. Алаухановтың пікірімен келіспеске болмайды. ҚР қазіргі қылмыстық кодексінде сотпен тағайындалатын мәжбүрлі жұмыстарға жататын жазаның бір түрі, ол қоғамдық жұмыстарға тарту болып табылады. Онда 43-баптың 3 бөлігінде қоғамдық жұмыстарға тартуға болмайтын тұлғалардың тізбесі нақты айқындалып көрсетілген. Ал, 42-бапта түзеу жұмыстары жазасы қолданылмайтын тұлғалардың нақты категориясына «еңбекке қабілетсіз, тұрақты жұмысы жоқ және өндірістен оқуын үзіп оқитын тұлғаларға қолданылмайды» деп қана шектелген[13]. Сондай-ақ, қылмыстық-атқару кодексіміздің 52-бабында: «пробация қызметінің ұсынысы бойынша сотқа жазаны өтеу кезінде сотталған адам жүкті болған немесе босануына байланысты демалыс алған уақыттан бастап жазаны өтеу шегеріледі деп қарастырылған. Ал сотталған адам I -ші немесе II-топтағы мүгедек деп танылған жағдайда пробация қызметі сотқа жазадан босату туралы ұсыныс енгізеді» деп көрсетілген[14]. Олай болса, қылмыстық кодекстің 42-бабында түзеу жұмыстары тағайындалмайтын нақты адамдар санатын анық түрде белгілеп көрсеткен дұрыс деп ойлай-

---

[10] *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2022. – 268 б.*

[11] *Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2021. – 100 б.*

[12] *Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитетінің мәліметтері. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://qamqor.gov.kz Қаралған күні: 05.03.2022.*

[13] *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2022. – 268 б.*

[14] *Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2021. – 100 б.*

мыз. Оларға мына тұлғаларды: «жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге, өндірістен оқуын үзіп оқитын тұлғаларға қолданылмайды» деп қарастырылса, сонымен қатар сотпен жаза тағайындау кезінде сотталушының жеке бас сипатының ерекшеліктеріне де мән бере отырып, жұмыссыз тұлғаларға да қолдану қажет.

Мәселен, қоғамдық жұмыстарға сотталған тұлғалардың жұмысын ұйымдастыру жергілікті билік өкілдері мен пробация қызметімен жүзеге асырылса, түзеу жұмыстарын да тұрақты жұмысы жоқ тұлғаларға да қолдануды заңдық тұрғыдан қарастырып, оларды жұмыспен қамтамасыз етуді жұмыспен қамту орталықтарының міндеті ретінде сот үкімімен міндеттеу керек. Осы уақытқа дейін Қазақстанда бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін жабылып қалған түзеу мекемелері мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылғаны анық. Олай болса, гуманизациялық қадамдарға барып, оның орнына бас бостандығынан айырмай жазасын өтейтін орталықтар құру қажет. Сондықтан сотталғандарға бас бостандығынан айырусыз жазаларды өтеуге толық мүмкіндік жасайтын түзеу орталықтары мен жұмыс орындарын салу мемлекет пен сотталған адамға да, сонымен қатар түзеу мекемелерінен босап шыққан тұлғаларға қайта қоғамға оралуына тигізер пайдасы бар. Одан кейін оларды жұмысқа орналастыру бойынша тиімді бағдарламалар механизмдерін жетілдіру қажет.

Мәселен, АҚШ-тың федералды түрмелерінде бір сотталған адамды ұстау үшін 1 жылға 28 000 АҚШ доллары кетеді екен. Түрмеден шыққандардың 40 пайызы қайта қылмыс жасап, көбінесе 3 жыл ішінде қайта түрмеге оралады екен. Сондықтан соттар бас бостандығынан айырумен байланысты емес балама жазаларды қолданғанды жөн санайды. Ол мемлекетке экономикалық жағынан тиімді және салық төлеушілердің ақшасын үнемдейтіні анық. Ең бастысы сотталған тұлғаны оңалтуды, отбасымен қалуға мүмкіндік береді және оның жұмыс орнын сақтап қалып, мемлекетке де салығын төлеп отырады[15]. Бұған ұқсас тәжірибе экономикалық дамыған елдің бірі Жапонияда да бар. Онда айыппұлды төлей алмаған жағдайда сотталған адам арнайы жұмыс үйлерінде (еңбек үйлері) жұмыс жасап өтейді екен [2]. Ал Қазақстанда сотталған адамды бас бостандығынан айыру орнында ұстау үшін бір адамға жылына 750 мың теңге кетеді екен [9]. Бұл жұмсалатын қаржының мемлекетке және еліміздің салық төлеушілеріне қандай салмақ түсіретінін түсінуге болады.

«Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шаралардың қолданылуына жәрдемдесетін ерікті ұйымдарға қолдау көрсетуге мемлекеттік мекемелерді, жеке меншік секторы мен жұртшылықты көтермелеген жөн. Қоғамның қатысуын көтермелеу керек, себебі онда үлкен мүмкіндіктер бар және ол түрмеге қамауға алумен байланыссыз шаралар қолданылған құқық бұзушылар, олардың отбасы мен қоғам арасындағы байланысты нығайтушы маңызды факторларының бірі болып табылады. Ол қылмыстық сот төрелігі жұмысын толықтыру керек» деп, БҰҰ -ның 1990 жылғы 14 желтоқсандағы Токио ережелерінде бекітілген еді[16]. Токио ережелерінде көрініс тауып отырған факторларды елімізде қолданысын табуға нақты қадамдар жасауымыз тиіс. Ерікті ұйымдар, жеке меншік кәсіпкерлік секторлары мен қоғам мүшелерінің бас бостандығынан айырусыз тағайындалатын жазалардың орындалуына, олардың нақты тәжірибеде ұтымды қолданысын табуға етене араласуға мүмкіндік беретін ұстанып отырған «ашық мемлекетіміздің» принциптерін жүзеге асыруымыз қажет.

## Қорытынды

Сонымен, түзеу жұмыстары жаза жүйесінде тиісті орнын алатындай, жаза институтының әлеуетін көтеру үшін осындай жазаларды пайдалы қолдануды үйлесімді және ұтымды түрде жүзеге асыру қажет. Түзеу жұмыстары мен айыппұлды тең қарау дұрыс шешім емес. Қазіргі таңда айыппұл жаза-

[15] *Alternatives to incarceration in a nutshell. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://famm.org/wp-content/uploads/FS-Alternatives-in-a-Nutshell.pdf Қаралған күні: 07.03.2022.*

[2] *The Ministry of Justice: Prison Work. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.moj.go.jp/EN/kyousei1/kyousei_kyouse10.html Қаралған күні: 07.03.2022.*

[16] *Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері), БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқасандағы 45/110 қарары. - [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9000000004 Қаралған күні: 07.03.2022.*

сының да орындалу процесі тиімді нәтиже беріп отырған жоқ. Көп жағдайда бір реттік төлемге сотталушылардың төлеуге материалдық тұрғыдан мүмкіндігі болмай қалатын жәйттер орын алады. Ол кезде әрине, соттарға жазаны басқа жаза түріне ауыстыруға қайта қарауды қажет етеді. Жаза түрлерінің әлеуетін көтеру үшін соттармен жазалардың орындалуына құқық бұзушы адамға қылмыстық әрекетіне сәйкес әділ де, ұтымды жаза қолдануға дұрыс шешім қабылдауы тиіс. Түзеу жұмыстарының өзіндік жазалау элементтерін басшылыққа алғанымыз дұрыс болар. Түзеу жұмыстарын жаза жүйесінен алып тастауға бірден шешім қабылдауға асығыстық танытпауымыз керек. Бас бостандығынан айыру жазасына балама жаза болып табылатын бұл жаза түрінің рөлі мен тиімді қолдануына нық шешімдер қабылдауымыз қажет. Еңбек мемлекетке де, сотталған тұлғаға да пайдалы болатындай реттелуі және бағытталуы керек. Сотталғандардың еңбегі мемлекеттің тікелей экономикасына да әсері бар екенін түсінеміз. Түзеу жұмыстары жазасы сот тәжірибесінде қолданысын тауып, жаза жүйесінің әлеуетін көтеру үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 42-бабын мынадай редакцияда толықтырылып берілуін ұсынамыз:

1) 42 баптың 1-1 бөлігі былай деп көрсетілуі тиіс: «Түзеу жұмыстары – тұрақты жұмысы бар немесе белгілі бір мамандық бойынша біліктілігі бар жұмысы жоқ тұлғаларға да тағайындалады. Тұрақты жұмысы барлар негізгі жұмыс орнында жазасын өтейді. Ал жұмыссыз тұлғалар белгілі бір(игерген мамандығы) біліктілігіне байланысты мемлекеттік халықты еңбекпен қамтамасыз ету орталықтарының ұсынысы бойынша белгіленген жұмыс орнында сотталушының тұрғылықты жері бойынша жазасы өтеледі»;

- 7 бөлігін: «жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге, денсаулық жағдайына байланысты еңбекке жарамсыз тұлғаларға және өндірістен оқуын үзіп оқитын тұлғаларға қолданылмайды»;

2) Түзеу жұмыстарына жаза тағайындау тек тұрақты жұмысы бар тұлғаларға ғана емес, белгілі бір біліктілігі бар (білімі, арнайы мамандығы бар) жұмысы жоқ тұлғаларға да тағайындалуы тиіс;

3) ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту орталықтарын сот үкімімен түзеу жұмыстарына сотталған тұлғаны жұмысқа орналастыруды міндеттеу керек. Министрліктің халықты жұмыспен қамту бағдарламаларында сотталған тұлғаларға қатысты шешімін табатын нақты шешімдер болуы қажет және ол пробация қызметімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі керек;

4) Түзеу жұмыстарына сотталған тұлғаларды жұмысқа алатын жеке кәсіпкерлер мен орта және ірі бизнес өкілдеріне арнайы келісім шарт арқылы мемлекет тарапынан жұмыскерлердің жеке кіріс салығы немесе қосымша құн салығын төлеуде жеңілдіктер жасауды қарастыру қажет;

5) Экономикалық, қаржылай қажеттілікті талап етсе де, мемлекеттік түзеу жұмыс орталықтары болып табылатын өндіріс-кәсіпорындарын салу қажет немесе оларды салуға жеке бизнес өкілдерін тартуға қызығушылық танытатындай жағдай жасау керек (мемлекеттік гранттар бөлу, несие жеңілдігі және т.б.). Олардың еңбегі әскери материалдық қажеттіліктер, халықтың тұтыну заттары, ауылшаруашылық салалары мен басқа да өндіріс орындарында олардың өздерінде бар біліктілік пен мамандығына байланысты қолдану қажет;

6) Сотталған адамға ол «түзеу жұмыстарына сотталған тұлға» деп қарамай, оған еңбек заңнамасы бойынша тиісті атқаратын лауазымына сәйкес соған лайық еңбек ақысы төленуі керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*1. Жумагулов Т.К. Наказания, не связанные с лишением свободы: проблемы и перспективы: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08 // Т.К. Жумагулов. - Алматы, 1997. - 143 с.*

*2. С.З. Зиманов. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов: 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З.Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, (Қазақ академиялық университеті), 2-ші том, 2003. – 464 б.*

*3. Аммосова В.И. Исправительные работы в России и других странах – участницах Содружества Независимых Государств: сравнительно-правовое исследование: дис. ... канд.*

*юрид. наук: В.И. Аммосова. – Рязань, 2017. - 54-55 с.*

*4. Н.Ф. Кузнецова, И.М. Тяжкова. Курс уголовного права в пяти томах. Общая часть: Учение о наказании. - Москва: Зерцало-М, 2002. – Том 2. – 464с.*

*5. Кулмуханбетова Б.А., Жусупова З.Т., Ахметов А.Т. Перспективы развития системы наказаний в уголовном праве Казахстана // Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын қолданудың өзекті мәселелері: теория және тәжірибе сұрақтары: халықар. ғыл.-тәж. конф. мат-ры (17.09.2021 ж.) – Алматы: ҚР ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗжРБЖҰБ, 2021. – 73 б.*

*6. Аюбаев М.А. О практике применения исправительных работ и дополнительного вида наказания в виде лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью // Ғылыми іс-шара материалдарының жинағы / Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары жүйесіндегі жазалау институтының теориясы мен практикасының қазіргі жай-күйі (27.05.2021 ж.) / Интернеттегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу: проблемалар мен шешу жолдары (28.05.2021 ж.): Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел материалдарының жинағы – Қосшы: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау академиясы, 2021. – 36-39 б.*

*7. Т.Б. Жұмағұлов, Г.С. Дәрібаев. Рухани жаңғыру аясында құқықтық мәдениетті арттырудағы құқықтық тәрбие және білім берудің маңыздылығы // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, научно-правовой журнал – 2021. - № 1 (64) – 68-с.*

*8. Е.О. Алауханов. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың криминологиялық проблемалары: дис. ...заң ғылымд. докт.: 12.00.08 // Е.О. Алауханов. - Алматы, 2004. – 319 б.*

*9. Б.К. Шнарбаев, А.П. Скиба. Проблемные аспекты трудозанятости осужденных // Қарағанды университетінің хабаршысы. Сер.Право. – 2021. - № 3(103). – 84 б.*

## REFERENCE

*1. ZHumagulov T.K. Nakazaniya, ne svyazannye s lisheniem svobody: problemy i perspektivy: dis. ... kand. yurid. nauk: 12.00.08 //T.K. ZHumagulov. - Almaty, 1997. - 143 s.*

*2. S.Z. Zimanov. Kazaktyn ata zandary : kuzhattar, derekter zhane zertteuler – Drevnij mir prava kazahov: 10 tomdyk / Bagdarlama zhetekshisi S.Z.Zimanov. – Almaty: ZHeti zhargy, (Kazak akademiyalyk universiteti), 2-shi tom. – 2003. – 464 b.*

*3. Ammosova V.I. Ispravitel'nye raboty v Rossii i drugih stranah – uchastnicah Sodruzhestva Nezavisimyh Gosudarstv: sravnitel'no-pravovoe issledovanie: dis. ... kand. yurid. nauk: V.I. Ammosova. – Ryazan', 2017. - 54-55 s.*

*4. N.F. Kuznecova, I.M. Tyazhkova. Kurs ugolovnogo prava v pyati tomah. Obshchaya chast. // Uchenie o nakazanii. pod red. N.F. Kuznecovoj, I.M. Tyazhkovoj. - Moskva: Zercalo-M, 2002. – Tom 2. – 464s..*

*5. Kulmuhanbetova B.A., Zhusupova Z.T., Ahmetov A.T. Perspektivy razvitiya sistemy nakazanij v ugolovnom prave Kazahstana // Kazirgi kezendegi Kazakstan Respublikasynyn kylmystyk zannamasyn koldanudyn ozekti maseleleri: teoriya zhane tazhiribe suraktary: halykar. gyl.-tazh. konf. mat-ry (17.09.2021 zh.). – Almaty: KR IIM M. Esbolatov atyndagy Almaty akademiyasynyn GZzhRBZHUB, 2021. – 73 b.*

*6. M.A. Ayubaev. O praktike primeneniya ispravitel'nyh rabot i dopolnitel'nogo vida nakazaniya v vide lisheniya prava zanimat' opredelennye dolzhnosti ili zanimat'sya opredelennoj deyatel'nost'yu // Gylymi is-shara materialdarynyn zhinagy / Kylmystyk kukyk buzushylyktardyn aldyn alu sharalary zhujesindegi zhazalau institutynyn teoriyasy men praktikasynyn kazirgi zhaj-kuji (27.05.2021 zh.) / Internettegi kylmystyk kukyk buzushylyktardy tergeu: problemalar men sheshu zholdary (28.05.2021 zh.): Kazakstan Respublikasynyn tauelsizdiginin 30-zhyldygyna arnalgan gylymi-tazhiribelik dongelek ustel materialdarynyn zhinagy – Kosshy: Kazakstan Respublikasy Bas prokuraturasynyn zhanyndagy Kukyk korgau akademiyasy, 2021. – 36-39 b.*

*7. T.B. ZHumagulov, G.S. Daribaev. Ruhani zhangyru ayasynda kukyktyk madenietti arttyrudagy kukyktyk tarbie zhane bilim berudin manyzdylygy // Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan, nauchno-pravovoj zhurnal – 2021. - № 1 (64) – 68-s.*

*8. E.O. Alauhanov. Pajdakorlyk-zorlyk kylmystardyn aldyn aludyn kriminologiyalyk problemalary: dis. ...zan gylymd. dokt.: 12.00.08 // E.O. Alauhanov. - Almaty, 2004. – 319 b.*

*9. B.K. SHnarbaev, A.P. Skiba. Problemnye aspekty trudozanyatosti osuzhdennyh // Karagandy universitetinin habarshysy. Ser.Pravo. – 2021. - № 3(103). – 84 b.*